
ОТЫРАР кітапханасы




Жаңа кітап-жаңа сыр

/Жаңа әдебиеттердің ұсыныстық тізімі/

Ақпараттық библиографиялық қамтамасыз ету бөлімі

Отырар 2026



Аймағамбет А.


Толқынды күткен бала: ***повесть***/Абай Аймағамбет. – Алматы: «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ, 2025. – 320 б.


Жазушы Абай Аймағамбет «Толқынды күткен бала» атты туындысына Арал теңізінің қасіретті тағдырын арқау еткен. Автор өткен ғасырдың 60-80 жылдары аралығында өрбіген оқиғаларды бейнелейді. Жалпы, бұл шығарманы Арал ақиқаты мен Арал апатына берілген әдеби баға деп пайымдауға болады.

Асқар АЛТАЙ

Былғары табыт. ***Повестер және романдар.*** – Алматы: «Арда+7», 2025. – 480 бет.

Жазушының бұл жинағына студент шағында жазған тұңғыш повесі «Қызыл бөлтірік» пен қырықтың қырқасынан асқанда туындатқан романы «Туажат», елуді еңсергенде әдіптеген «Былғары табыт» романы енгізілді.Жазушы бүгінгі алмағайып уақыт пен аласапыран қоғамдағы адамның өзгеріске ұшырап жатқан жан-дүниесін ашады.






Ақтай Сафина

Ганин: ***роман***/Сафина Ақтай. – Алматы: «Қазақстан Жазушылар Одағы» РҚБ, 2025. – 336 б.

Автордың «Ганин» атты романы өткен ғасырда Қазақстанға депортацияланып, Павлодар өңіріне қоныстанған Еділ бойы немістерінің өмірінен сыр шертеді. Шығарма кеңестік дәуір қалыптастырған адам болмысын қазіргі дәуірде қайта қарауға үндейді.

Ахметұлы Д.
Қоян жылы: ***Ертегілер.*** /Дәнеш Ахмет Қашағанұлы. – Алматы: ЖШС «Баспа сервис», 2025. – 592 бет.



Жеті бөлімнен тұратын бұл жинаққа кірген ертегілердің тақырыбы алуан түрлі. Олар өзіндік бай мазмұнымен, кестелі тілімен ерекшеленеді. Кітаптың тілі шұрайлы, оқиғасы тартымды. Жинақ қалың көпшілікке арналған.



Доржготов Ц.
Ламалардың қанды қырғыны: ***тарихи роман*** / Цендийн Доржготов. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС; - 2025. – 384 бет.

Монғолияның Мемлекеттік сыйлығының және халықаралық «Алеко» әдеби сыйлығының иегері, көрнекті қаламгер Цэндиийн Доржготовтың бұл тарихи романы – XX ғасырдың зұлмат шындығын көркемдік биік деңгейде бейнелеген ірі эпикалық туынды.

Есаман Х.
Құдіретке құштарлық. – АЛМАТЫ, - «Алматы-Болашақ» АҚ, 2025. – 240 бет.




Хамит Есаманның бұл кітабына автордың әдеби мақалалары, шығармашылық тұлғалар туралы толғаныстары мен әр жылдары жазылған дүниелері еніп отыр.

Кітап үш бөлімнен тұрады.




Жақанов И.
Бұлбұл әуезі: ***эссе, новеллалар мен мақалалар*** / Илья Жақанов. – Астана: Parag Print, 2025. – 640 бет.

Бұл еңбекте қазақ руханиятының қымбат қазынасына айналған әндердің жүректен туған сәттері, олардың арғы-бергі тарихы мен сырлы әлемі шебер өрілген. Ұлттық өнердің тарихын, әуеннің болмысын сезінгісі келетін әрбір оқырман бұл жинақтан рухани ләззат алып, жүрекке жылы әсер табады.



Қойшиев А.
Тұқымқұрт (Беделді қарғыс): ***роман*** / Арслан Қойшиев. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі», 2025. – 352 бет.

Тұқымқұрт (Беделді қарғыс) – қырғыздардың 1916 жылғы қозғалысына арналған роман. Шығармада талай қуғын-сүргінді бастан өткерген құдаян руының тағдыр-тәлейі баян етіледі.



Қуанышұлы А.
Кішкентай: ***повесть*** **/** Асылан Қуанышұлы. – Алматы: «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ, 2025. – 400 б.

Бұл кітапқа жас қаламгер Асылан Қуанышұлының «Кішкентай» атты повесі және әңгімелері мен новелласы, балаларға арналған ертегілері, өлеңдері енген.

Кітап әдебиет сүйер оқырманға арналады.


Қылышбек Т.

Тырналар мекені. – Темірлан Қылышбек. – Алматы: «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ, 2025. – 320 б.



Бұл кітап – балалық пен тағдыр тауқыметін қатар көтерген жанның ішкі әлемін суреттейтін көркем проза. Шығармада ішкі бұлқыныс пен үнсіз жанайқай, тіршіліктің ауыр да әсем сәттері әсерлі өрілген.

Кітап әдебиет сүйер қалың көпшілікке арналған.




Мәдениет Ф.

Аққалқам: ***роман*** **/** Феруза Мәдениет. – Алматы: «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ, 2025. – 328 б.

Бұл кітапта халқымыздың ғасыр бұрынғы қилы кезеңдерінде орын алған оқиғалар қарапайым адамдардың тағдыры арқылы баяндалған. Жастай жетім қалған Қаныш есімді кейіпкердің қилы тағдыры шытырман оқиғалар арқылы суреттелген.

Мұратбек Ж.

Аспаны жақын ауылдың..../Жақсылық Мұратбек. – Алматы: «Қазақстан Жазушылар одағы» РҚБ, 2025. – 400 б.




Бұл кітапта жас жазушы – драматург Жақсылық Мұратбектің өзі куә болған көрнекті оқиғалар мен Шымкент, жалпы оңтүстік өңірінің кешегісі мен бүгіні толық суреттеледі.



Мырза Әлі Қадыр.
Иірім: *эссе* / *Қадыр Мырза Әлі*. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, - 2025. – 464 бет.

Ақын, Қазақстанның халық жазушысы Қадыр Мырза Әлінің «Иірім» кітабында өз өмір жолын, замандастары туралы шынайы естелік түрінде өрбітеді.

Раев С.
Топан: *роман-тәмсіл* / Сұлтан Раев. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2025. 192 бет.



Танымал жазушы Сұлтан Раевтың «Топан» романы – адамзаттың рухани тамырына үңілген терең философиялық шығарма. Романда көне Нұх пайғамбар дәуіріндегі ұлы топан судың басталу тарихы суреттеледі.



Сұлтан Х.
Бақыт жағалауы: *повестер* / Хайриддин Сұлтан. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, -02025. – 224 бет.

Өзбек жазушысы Хайлиддин Сұлтанның бұл шығармаларында әрқилы тағдырлы адамдардың өмір жолдары мен мінез-құлықтары саралана бейнеленеді.

Автор өз кейіпкерлерін, олардың өмірплік проблемаларын, психологиялық өзгерістерін шеберлікпен суреттеген.

Әбдікұлы Төлен

Таңдамалы. Үш томдық. / Төлен Әбдікұлы. – Астана: Фолиант, 2025.Әжібекұлы Қамбарбек

Ана аманаты (*Естеліктер, өлеңдер, арнаулар, даналық сөздер, ән мәтіндері*). – Шымкент: «Замана» Баспа үйі, 2024 – 208 бет.

Ақын-жазушы атаулының ана туралы қалам тартпағаны кемде-кем. Шымкенттік зейнеткер Қамбарбек Әжібекұлының «Ана аманаты атты» бұл кітабы да осы тақырыпты қозғайды.
Оқыған адамның санасына терең ой салатын, мән-мағынасы өте құнды бұл кітап көпшілік оқырманға арналған.

Әжібекұлы Қамбарбек

Ана аманаты (*Естеліктер, өлеңдер, арнаулар, даналық сөздер, ән мәтіндер*). Шымкент: «Замана» Баспа үйі, 2024 – 208 бет.

Шымкенттік зейнеткер Қамбарбек Әжібекұлының «Ана аманаты» атты бұл кітабында автордың аяулы анасына деген шексіз құрметі мен үлкен сағынышының табын сезінуге болады.

Оқыған адамның санасына терең ой салатын, мән-мағынасы өте құнды бұл кітап көпшілік оқырманға арналған.

Бедард, Майкл

Мысыр айнасы: *фантастикалық роман* / Майкл Бедард, - Астана: Фолиант, 2025. – 328 бет.

Кітапта Саймон мен құрбысы Эбби Ежелгі Мысыр айнасына қатысты жұмбақ әрі фантастикалық оқиғалардың басты кейіпкеріне айналады. Мысырлықтар адамның айнадағы егізі оның жанын ұрлай алады деп сенген. Бұл рас болғаны ма?...

Қорғасбек Жүсіпбек

ҮНДЕМЕ. *Эссе кітабы.* – Алматы, - «Алматы-Болашақ» АҚ, 2025. – 144 б.

Жүсіпбек Қорғасбектің туындысы әрдайым оқырмандарын толғандырып, терең ойға жетелейді. Өмірдің мәнін түсінуге ықпал етеді. Шығарманың ойы анық, тілі көркем, тартымды оқылады.

Кітап оқып, рухани бай болыңыз!